

*С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық
медицина университеті*

Ахмет Жұбанов
(1906-1968)




ҚазҰМУ ғылыми кітапханасы

Алматы, 2021 ж.

ӨМІРБАЯНЫ

Қазақстандағы кәсіби музыка өнерінің туу, қалыптасу, даму кезеңдері академик Ахмет Қуанұлы Жұбанов есімімен тығыз байланысты. Композитор, дирижер және ХІХ ғасырдағы қазақ музыкасының тарихын зерттеген ғалым ретінде оның қазақ музыкасына сіңірген еңбегі орасан зор. Жас Ахмет Жұбанов 1929 — 1933 жылдары Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) музыка техникумында скрипка, консерватория қабырғасында гобой мамандығы бойынша білім алған. 30-жылдары Қазақстанда музыкалық білім беру жүйесін енгізу мәселесі туғанда А. Жұбанов елге шақырылып, өзінің білімі мен жігерін осы іске арнаған. Алматыға келген бойда музыка техникумында ұстаздық қызмет атқарады. Осы оқу орны жанындағы фольклорлық кабинет жұмысына араласқан.



А. Жұбанов қазақ мәдениетіне сіңірген еңбектері үшін өнертану ғылымдарының докторы (1943), Қазақ КСР халық артисі, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі (1946), профессор (1948) құрметті және ғылыми атақ-дәрежелеріне ие болды. Академик А. Жұбанов шығармашылығы қазақ музыкасымен ғана шектеліп қалмайды. Ол республикамыздағы мәдени іс-шаралардың басы-қасында жүрген. 1936 және 1958 жылдары Москва қаласында өткен қазақ әдебиеті мен мәдениетінің он күндіктеріне қатысқан қоғам қайраткері. Ғалымның композиторлық және зерттеушілік еңбектері қазақ мәдениетін биік сатыға көтерген асыл мұралар. Қоғам тарапынан сол мұраларға деген қажеттілік бар кезде академик Ахмет Жұбановтың есімі де мәңгі жасайтын болады.

Шығармашылығы




А.К. Жұбанов — қазақ халқының қазіргі заманғы кәсіби музыкасының негізін қалаған аға буын композиторлардың бірі. Ол халық күйлерін оркестрге лайықтап, нотаға түсірді және қазақ музыкасын күрделі аспаптық симфониялық шығармалармен байытты. Олар «Тәжік биі», «Қазақ билері», «Төлеген Тоқтаров», «Ария», «Вокалдық сюитасы», «Абай сюитасы», тағы басқалар.

А.Жұбановтың қазақ музыка тарихына сіңірген еңбегі ұшан - теңіз.

А. Жұбанов атындағы қазақ ұлт аспаптар оркестрі

Көркемдік жетекшісі ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, профессор Қ. Қожанбаев
Бас дирижері халықаралық конкурстардың лауреаты М. Қабижолдан






Ахмет Жұбанов. /Құраст. Н.С. Кетегенова, А.Қ. Омарова.- Алматы: «Өнер», 2006.- 200б.+ 16 бет жапсырма.

Көрнекті композитор, өнер зерттеуші әрі қазақ музыкасының үлкен жанашыр насихаттаушысы Ахмет Жұбановтың артында қалған шығармалары мен оның жүйрік қаламынан туған зерттеу кітаптары халқымыздың рухани қазынасына айналған.

Туғанына 100 жыл тоуына орай шығарылып отырған бұл кітапқа А. Жұбановтың замандастарының, шәкірттерінің эссе-естеліктері мен композитор-педагогтің өзінің де өнер туралы мақалалары енгізіліп отыр.

Кітап музыка зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының студенттеріне, сонымен бірге жалпы көпшілікке арналған.



Гизатов, Б. Академик Ахмет Жубанов: Жизнь и творчество (1906-1968) /Б. Гизатов.- Алма-Ата: Жазушы, 1972.- 265 с.

Книга известного музыковеда Бисенгали Гизатова посвящена жизни и творчеству выдающегося казахского композитора и ученого Ахмета Жубанова. Автор дает глубокий анализ не только творчеству композитора, но всесторонне останавливается на его научной, общественной деятельности.



•1929 жылы Ленинградтың М.И. Глинка атындағы техникумында (А.А. Этигонның скрипка класы бойынша), консерваторияда (профессор Ф.А. Ниманның гобой класы бойынша, кейіннен музыка тарихы мен теориясы факультетінде) оқыған.

•1932 жылы Ленинградтағы Актер шеберлігі мектебінің аспирантурасына түседі.

•1933 жылы Алматыда ашылған музыкалық драма училищесіне ұстаздық қызметке шақырылады.


•1930 жылы Ленинградтағы «Рабочий и театр» журналында жарияланған мақаласынан бастап, өмірінің соңына дейін қазақ музыкасының тарихы мен теориясын зерттеумен айналысты. 1936 жылы «Музыка әліппесі» атты тырнақалды кітапшасы жарық көрген.

•1934 жылы А. К. Жұбанов алғаш 11 адамнан құралған домбырашылар ансамблі негізінде Қазақ ұлттық халық оркестрін ұйымдастырды. Осы ұжымның тұңғыш дирижері ретінде көптеген халық композиторларының музыка туындыларын оркестрге лайықтап нотаға түсірген.



**Ахмет Жұбановтың туғанына
жүз жыл толуына арналған
монета шығарылды**

**Ахмет Жұбанов атындағы
мемориалдық ескерткіш**



**Солтүстік Қазақстан облысы, М. Жұмабаев
ауданы, Сарытомар ауылы.**



**Назарларыңызға
рахмет!!!**